

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
жалғыз акционерінің шешімі**

Астана қ.

№ 1

2024 жылғы «28» наурыз

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының жалғыз  
акционерінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 2 шешімімен бекітілген  
«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен  
толықтыруларды бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жалғыз акционерінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 1 шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысының 44-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес «Акционердің құқықтары бойынша өкілеттіктер беру туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының 2021 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығы негізінде әрекет ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Акылжан Маликович Баймагамбетов арқылы Қоғамның жалғыз акционері **ШЕШТІ:**

Қоғамның жалғыз акционерінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 2 шешімімен бекітілген Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

**«Қазақстанның орнықтылық қоры»  
акционерлік қоғамының жалғыз акционері –  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Төрағасының орынбасары**



**А.М. Баймагамбетов**

«Қазақстанның орнықтылық қоры»  
акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің  
2024 жылғы « 28 » наурыз  
№ 1 шешімімен  
бекітілді

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
жалғыз акционерінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 2 шешімімен  
бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар**

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 2 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың 9), 10), 11) және 12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«9) корпоративтік қақтығыс – Қоғамның акционерлері мен органдары; Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелері, Ішкі аудит қызметінің басшысы, корпоративтік хатшы арасындағы келіспеушіліктер немесе дау;

10) корпоративтік хатшы – Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының мүшесі болып табылмайтын, қоғамның директорлар кеңесі тағайындаған және қоғамның директорлар кеңесіне есеп беретін, сондай-ақ өз қызметі шеңберінде акционерлер жиналысының және қоғамның директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылайтын, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар және қоғамның директорлар кеңесінің отырысына материалдар қалыптастыруды қамтамасыз ететін, оларға қолжетімділіктің қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізетін акционерлік қоғамның қызметкері. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады;

11) қызметтің түйінді көрсеткіштері (индикаторлары) (бұдан әрі – КТК) – Қоғамның, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін тиімділік деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер. КТК Қоғамның даму жоспарының құрамында Қоғам үшін бекітілетін не Қоғамның әрбір қызметкері үшін сараланып бекітілетін, сондай-ақ жоспарланған және есепті кезеңдердегі олардың қызметінің нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие болады;

12) лауазымды тұлға – Қоғамның Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшесі;»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:



«2-1. Қоғам корпоративтік басқаруға үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз бағалауды жүргізеді, оның нәтижелері Директорлар кеңесінің назарына жеткізіледі, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қоғамның Кодексті орындауын бақылауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Корпоративтік хатшы мониторинг жүргізеді және Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасына Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша кеңес береді, сондай-ақ жыл сайын оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті қалыптастырады.

Кейіннен бұл есеп Қоғамның Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау мәселелерін, кадрлар мен сыйақыларды, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитетінің қарауына шығарылады, Директорлар кеңесі бекітеді және Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Қоғамның Жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және мемлекеттік функцияларды орындаумен байланысты өкілеттіктерді шектейді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті саланы дамытуды ынталандыруды ескере отырып, Қоғамның ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту мақсатында Қоғамның Жалғыз акционерінің функцияларын жүзеге асырады.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Қоғамның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі даму жоспарында көрініс табатын Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Барлық қабылданған шешімдер мен әрекеттер даму жоспарына сәйкес келеді.

Қоғам мен Қоғам Басқармасы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі ҚТК жүйесі болып табылады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы (не жазбаша хабарлама арқылы) стратегиялық бағдарларды және ҚТК бойынша өз үміттерін білдіреді.

ҚТК-ге қол жеткізу мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес даму жоспарын әзірлейді.

Жыл сайынғы негізде Қоғамның тиімділігіне қол жеткізуді бағалау жүзеге асырылады. Бұл бағалау Қоғамның Басқарма басшысы мен мүшелерінің сыйақысына әсер етеді, оларды қайта сайлау кезінде ескеріледі, сондай-ақ оларды атқаратын қызметінен мерзімінен бұрын шеттету үшін негіздердің бірі болып табылады.»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Жалғыз акционер жыл қызметінің қорытындысын шығару және өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесімен және Басқармасымен отырыстар өткізе алады. Жалғыз акционер өз құзыреті шеңберінде Қоғам қызметінің мәселелерін талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен жыл бойы тұрақты кездесулер өткізе алады.»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



«26. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Жалғыз акционердің шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға бағытталады. Жалғыз акционер дивидендтер төлеу кезінде Қоғамның қаржылық жағдайы туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Дивидендтер төлеу туралы мәселені қарау кезінде Қоғамның ағымдағы жай-күйі, оның қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлары ескеріледі.»;

27-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27-1. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу және ұйымның бір жай акциясына есептегенде бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар береді.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Директорлар кеңесі өз функцияларын Мемлекеттік мүлік туралы заңға, Акционерлік қоғамдар туралы заңға, Қоғам Жарғысына, Кодекске, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- 1) даму жоспарын (бағыттары мен нәтижелерін) айқындау;
- 2) даму жоспарында белгіленетін ҚТК қою және мониторингі;
- 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;
- 4) Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да түйінді стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингілеу;
- 5) Қоғам Басқармасы басшысының және мүшелерінің сыйақысы, олардың қызметін қадағалау;
- 6) корпоративтік басқару және әдеп;
- 7) Қоғамда Кодекс ережелерін және Қоғамның іскерлік әдеп саласындағы корпоративтік стандарттарын (Корпоративтік әдеп кодексін) сақтау.»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Жыл сайын Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы мәселе шығарылған кезде Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционерге келесі құжаттарды ұсынады:

1) есепті кезеңдегі директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің қорытындылары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстардың саны, отырыстардың нысаны, қатысу, сондай-ақ басқа да маңызды ақпарат көрсетілетін Директорлар кеңесінің есебі – Директорлар кеңесінің есебі Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізіледі;

2) Жалғыз акционер үміттерінің іске асырылуы туралы есеп (Жалғыз акционердің үміттері болған кезде);



3) Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп.

Директорлар кеңесі оның өз міндеттерін объективті орындауына мүмкіндік бермейтін мүдделер қақтығысының алдын алуға және Директорлар кеңесінің процестеріне саяси араласуды шектеуге көмектесетін тетіктердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Қоғамның жалғыз акционері даму жоспарының мәселелерін, Қоғамның бірінші басшысын сайлауды және Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына әсер ететін басқа да аспектілерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен қосымша отырыстар өткізе алады.»;

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер айқындайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы қызмет ауқымын, бизнес қажеттіліктерін, ағымдағы міндеттерді, даму жоспарын және қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып, жеке белгіленеді.

Қоғамның және ұйымдардың Директорлар кеңесі құрамындағы әйелдердің ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.

42. Директорлар кеңесінің құрамы Директорлар кеңесі мүшелерінің (Жалғыз акционердің, тәуелсіз директорлардың, Қоғамның Басқарма басшысы өкілдерінің) теңгерімді үйлесімі арқылы Қоғамның және Жалғыз акционердің мүддесі үшін шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.»;

50 және 51-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің міндеттері, Қоғам қызметінің ауқымы, даму жоспарында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордың ұқсас компанияларындағы сыйақы деңгейі (сыйақыларға шолу) назарға алынады.

51. Сыйақы деңгейі сыйақының тым жоғары деңгейін белгілеу салдарынан туындаған жұртшылық тарапынан ықтимал теріс реакцияны болдырмау мақсатында теңгерімді және негізделген болып табылады.

Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы тәуелсіз мүшелерінің сыйақысы туралы ақпаратты ашу оны Қоғамның корпоративтік сайтында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.»;

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Комитет төрағалары өз қызметі туралы есеп дайындайды және жеке отырыста Директорлар кеңесінің алдында бір жылдағы қызмет қорытындылары туралы есеп береді. Директорлар кеңесі жыл ішінде кез келген уақытта комитеттерден ағымдағы қызмет туралы есепті Директорлар кеңесі белгілеген мерзімдерде ұсынуды талап етуге құқылы.»;

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«68. Маңызды мәселелердің тізбесіне, оның ішінде даму жоспары, Басқарма басшысы мен мүшелері үшін ҚТК, жылдық есеп және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысу кіреді.»;

87-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Кодекстің 2-1-тармағында көзделген корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізуді қамтамасыз ету.»;

106 және 107-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«106. Басқарма Қоғамның Акционері мен Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады.

107. Жалғыз акционер Басқарма мүшелерін сайлайды, өкілеттік мерзімдерін белгілейді. Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу талаптарын Директорлар кеңесі айқындайды.

Қоғам Басқармасындағы әйелдердің ұсынылатын саны Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.

Жалғыз акционер кез келген уақытта Басқарма басшысы мен мүшелерінің өкілеттігін тоқтата алады.»;

109-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«109. Басқарма Директорлар кеңесінің басшылығымен Қоғамның даму жоспарын әзірлейді.»;

110 және 111-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«110. Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асырады. Бақылау Басқарманың Директорлар кеңесіне тұрақты есеп беруі және даму жоспарын орындау және қол жеткізілген нәтижелер мәселелері бойынша Басқарманы тыңдауы арқылы жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

111. Басқарма бетпе-бет отырыстар өткізеді және даму жоспарын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін және операциялық қызметті іске асыру мәселелерін талқылайды. Басқарма отырыстары тұрақты негізде өткізіледі.»;

112-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«112. Басқарма күнтізбелік жылдың басына дейінгі мәселелер тізбесімен алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастырады. Басқарма мүшелері тиісті сападағы материалдармен алдын ала қамтамасыз етіледі. Даму жоспарлары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелерді қарау кезінде бірнеше отырыс өткізуге жол беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 118-1-тармақпен толықтырылсын:

«118-1. Еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сыйақы Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес төленеді.»;

131-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қоғамның Директорлар кеңесі, Басқармасы және қызметкерлер деңгейінде орнықты даму қағидаттарына бейілділік.»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:



«6) тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, негізгі процестерге, сондай-ақ даму жоспары мен шешім қабылдау процестеріне орнықты дамуды интеграциялау;»;

133-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) даму жоспары;»;

157-тармақтың үшінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қоғам Басқармасының оны басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді анықтаудың толықтығын және бағалаудың дұрыстығын тексеру;»;

179-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«179. Қоғамның интернет-ресурсы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) миссия, негізгі міндеттер, мақсаттар мен қызмет түрлері, меншікті капитал мөлшері, активтер мөлшері, таза табыс және қызметкерлер саны туралы ақпаратты қоса алғанда, Қоғам туралы жалпы ақпарат;

2) даму жоспары (стратегиялық мақсаттар), қызметтің басым бағыттары туралы;

3) органдардың, комитеттердің, корпоративтік хатшының қызметін реттейтін Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттары;

4) этикалық қағидаттар туралы;

5) тәуекелдерді басқару туралы;

6) мынадай мәліметтерді қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелері туралы: фотосуреті (Директорлар кеңесі мүшесінің келісімі бойынша), тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, Директорлар кеңесі мүшесінің мәртебесі (тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің өкілі), Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын көрсету, оның ішінде Директорлар кеңесі комитеттеріне мүшелік немесе Директорлар кеңесі төрағасының функцияларын орындау, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, негізгі жұмыс орны және қазіргі уақытта атқарып жатқан басқа да лауазымдар, кәсіби біліктілігі, Директорлар кеңесіне бірінші сайланған күні және қазіргі Директорлар кеңесіне сайланған күні, тәуелсіз директорлардың өлшемшарттары.

7) мынадай мәліметтерді қоса алғанда, Басқарма мүшелері туралы: фотосуреті (Басқарма мүшесінің келісімі бойынша), тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, қоса атқаратын лауазымдары;

8) қаржылық есептілік туралы;

9) жылдық есептер туралы;

10) сыртқы аудитор туралы;

11) сатып алу қағидаларын, хабарландыруларын және нәтижелерін қоса алғанда, сатып алу қызметі туралы;

12) мынадай мәліметтерді қоса алғанда, жарғылық капиталдың құрылымы туралы: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналды құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, акционерлердің (қатысушылардың) құрамы, оларға тиесілі жай акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен үлесі, меншік құқықтарына иелік ету тәртібі;

13) активтердің құрылымы туралы (Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және құпия ақпараттың таралуы, айналысы шектелген ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін реттейтін Қоғамның ішкі регламенттеуші құжаттарын және дербес деректерді қорғауды ескере отырып);

14) корпоративтік оқиғалардың жылдық күнтізбесі туралы;

15) мәміле тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы) туралы мәліметтерді қоса алғанда, мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган (егер акционерлік қоғамның ірі мәмілені және (немесе) оны жасасуға мүдделілігі бар мәмілені жасасуы туралы шешім/шарт мыналарды құрайтын ақпаратты қамтитын мәміле жасасуға мүдделілігі бар мәмілелер туралы банк құпиясы, сақтандыру құпиясы, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпия және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпия, мәмілелер туралы ақпаратты орналастыру кезінде тек мәміле жасасу туралы шешім қабылданған күн/мәміле жасалған күн, сондай-ақ Қоғамның шешімі бойынша өзге де ақпарат жарияланады);

16) мәміле тараптары, мәміленің елеулі талаптары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы) туралы мәліметтерді қоса алғанда, ірі мәмілелер туралы, мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы (егер ірі мәмілені акционерлік қоғамның жасасуы туралы шешім/шартта банк құпиясын, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және өзге де құпияны құрайтын ақпарат қамтылса, Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мәмілелер туралы ақпаратты орналастыру кезінде мәміле жасасу туралы шешім қабылданған күн/мәміле жасалған күн ғана, сондай-ақ Қоғамның шешімі бойынша өзге де ақпарат жарияланады);

17) орнықты даму саласындағы қызмет туралы;

18) бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы;

19) жаңалықтар мен баспасөз хабарламалары туралы.»;

180-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«180. Қоғам Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашу практикасына сәйкес жылдық есеп дайындайды.

Жылдық есепті Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді, содан кейін Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылады.



Жылдық есеп құрылымдық құжат болып табылады және қазақ, орыс және ағылшын (қажет болған жағдайда) тілдерінде жарияланады.»;

182-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«182. Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар мынадай ақпараттың болуын болжайды:

1) Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының өтініші (Директорлар кеңесі төрағасының келісімі бойынша);

2) Басқарма басшысының өтініші;

3) Қоғам туралы: мынадай мәліметтерді қоса алғанда, жарғылық капиталдың құрылымы туралы жалпы мәліметтер: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналды құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, акционерлердің (қатысушылардың) құрамы және оларға тиесілі жай акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен үлесі), меншік құқығына иелік ету тәртібі, миссиясы, даму жоспары, оны іске асыру нәтижелері, нарыққа шолу және нарықтағы жағдай;

4) есепті жылдағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері: қойылған міндеттерге қатысты қызметті шолу және талдау; қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері; негізгі елеулі оқиғалар мен жетістіктер; ірі мәмілелер туралы ақпарат; мемлекеттен алынатын/алынған кепілдіктерді және мемлекет пен қоғам алдындағы Қоғам өзіне қабылдаған кез келген міндеттемелерді қоса алғанда, кез келген қаржылық қолдау (егер ҚЕХС-ке сәйкес ашылмаса) (Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның таратылуы шектелген ақпаратпен жұмыс істеу, құпия ақпаратпен жұмыс істеу және дербес деректерді қорғау тәртібін реттейтін ішкі регламенттеуші құжаттарының талаптарын ескере отырып);

5) активтердің құрылымы (Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның таратылуы шектелген ақпаратпен жұмыс істеу, құпия ақпаратпен жұмыс істеу және дербес деректерді қорғау тәртібін реттейтін ішкі регламенттеуші құжаттарының талаптарын ескере отырып);

6) тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі;

7) корпоративтік басқару: корпоративтік басқару құрылымы; акционерлер құрамы және иелену құрылымы; біліктілікті қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құрамы; Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметі туралы есеп; корпоративтік басқару практикасының Кодекс қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпарат, ал ол сәйкес келмеген кезде қағидаттардың әрқайсысын сақтамау себептері туралы түсіндірмелер; Қоғам Басқармасының құрамы; Басқарма қызметі туралы есеп, лауазымды тұлғаларды марапаттау саясаты;

8) орнықты даму (орнықты даму саласында жеке есепті дайындаған жағдайда, осы есепке сілтеме беруге болады);

9) аудитордың қорытындысы және ескертпелері бар қаржылық есептілік;

10) жылдық есепке енгізілетін талдамалық көрсеткіштер мен деректерде өткен кезеңге қатысты салыстырмалы талдау және қол жеткізілген прогресс

(регресс) (өткен жылдық есепте көрсетілген ұқсас көрсеткіштердің мәндерімен салыстыру) көрсетіледі. Көрсеткіштерді ұқсас салада жұмыс істейтін халықаралық деңгейдегі компаниялармен салыстыру мақсатында салалық бенчмаркинг-талдау жүргізуге мүмкіндік беретін қызмет көрсеткіштері жарияланады.».